

Қазақ спорт және туризм академиясы жанындағы
«Дене шынықтыру және спорт» диссертациялық кеңесінің 2021 жылғы
жұмысы туралы
ЕСЕБІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №2058 бұйрығымен бекітілген ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындары жанындағы диссертациялық кеңестердің тізіміне кіретін 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 393 бұйрықпен 2022 жылғы 12 сәуірге дейін бекітілген Қазақ спорт және туризм академиясы жанындағы диссертациялық Кеңес. Диссертациялық кеңеске «6D010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша диссертация қорғауға қабылдауға рұқсат етілген.

Диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы ҚазСТА Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №187 бұйрығымен бекітілген:

1. Кеңес төрағасы - В.Н. Авсиевич - PhD философия докторы (6D010800), доцент, Қазақ спорт және туризм академиясы.
2. Төраға орынбасары - А.Т. Кулбаев PhD философия докторы PhD, (6D010800), доцент, Қазақ спорт және туризм академиясы.
3. Кеңестің ғылыми хатшысы А.С. Жуманова, п.ғ.д. (13.00.04), профессор, Қазақ спорт және туризм академиясы.

2 қорғау бойынша уақытша құрам 6D010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің шешімімен (2021 жылғы 20 қарашадағы №8 хаттама) бекітілді.

Диссертациялық кеңестің құрамы ҚР БҒМ «Білім және ғылым саласында сапаны қаматамасыз ету комитеті» қойған талаптарға толық сәйкес келеді.

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

2021 жылы диссертациялық кеңестің 2 отырысы өтті, онда философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін 2 диссертацияны алдын-ала қарау және қорғау жүргізілді.

Диссертациялық Кеңестің барлық мүшелері отырыс жұмысына белсене қатысты.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні.

Диссертациялық Кеңестің тұрақты мүшелерінің ішінен ДК отырысының жартысынан азына қатысқандар - жоқ.

Диссертациялық Кеңестің отырысына бекітілген диссертациялық кеңестің құрамынан - 6 адам қатысты, оның ішінде 3 адам - тұрақты және 3 адамнан - уақытша.

ДК төрағасы В.Н. Авсиевич докторант Ж.С. Мұхамбеттің ғылыми кеңесшісі болғандықтан, Ереже талаптарына сәйкес оның міндеттерін төрағаның орынбасары А.Т. Құлбаев орындады.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері диссертацияларды қорғау жөніндегі 2 отырысқа толық құрамда қатысты. М.А. Гренадерова іссапарда

болуына байланысты отырыска онлайн режимде қатысты.

3. Докторанттардың оқу ұйымы көрсетілген тізімі:

- Габдуллин Айбек Бокенбаевич - Қазақ спорт және туризм академиясы.
- Мұхамбет Жасын Серікбайұлы-Қазақ спорт және туризм академиясы.

4. Диссертациялық кеңесте 2020 жылы қаралған диссертациялардың қысқаша сараптамасы:

2021 жылы қорғалған диссертациялық жұмыстардың өзектілігі айқын, ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді және дене шынықтыру саласы жоо студенттерін зерттеулерге арналған.

1. Диссертациялық кеңестің 2021 жылдың 25 желтоқсанындағы отырысында ҚазСТА жанындағы докторантура (PhD) 2020 жылғы түлегі *Габдуллин Айбек Бокенбаевичтің* «1-2 курс студент қыздарының антропометриялық сипаттамалары мен қозғалыс сапасын есепке ала отырып денені жетілдіру технологиясы» тақырыбындағы диссертациясы қаралды.

Ғылыми кеңесшілері:

Ж.И. Жунусбеков – п.ғ.к., Қазақ спорт және туризм академиясының бокс, ауыр атлетика және шығыс жекпе-жегі кафедрасының профессоры.

Т.А. Ботағариев - п.ғ.д., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры.

С.С. Коровин - п.ғ.д., Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей) дене шынықтыру және спорт институтының СПТЖӘ, БДШ және ДТМБН кафедрасының профессоры.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

Е.А. Алимханов - п.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

М.А. Гренадерова – п.ғ.к., доцент, Орталық Азия Инновациялық университеті (Шымкент қ., Қазақстан).

Е.К. Утегенов – п.ғ.к., профессор к.а. М. А., І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған қ., Қазақстан).

Зерттеу нәтижесінде ізденуші алғаш рет 1-2 курс студент қыздарының дене қасиеттері мен антропометрлік сипаттамалары дамуының басым жағдайларын анықтады; "Дене шынықтыру" пәні бойынша оларды оқыту механизмін жобалауды жүзеге асырудың ерекшелігін анықтады; денсаулық пен қимыл белсенділігінің бастапқы сатысының ерекшеліктерін, дене қасиеттері деңгейлері арасындағы корреляциялық қатынасты, 1-2 курс студенттерінің антропометрлік деректерін анықтады, осы көрсеткіштерді бағалаудың типологиялық шкалалары негізделген. Алынған мәліметтер негізінде автор 1-2 курс студент қыздарының антропометрлік сипаттамалары мен қимыл қасиеттерін ескере отырып, ағзасын жетілдіру технологиясын жасады.

Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-VЗРК "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңында көрсетілген міндеттермен; дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасымен (11.01.2016 ж., №168); Қазақ спорт және туризм академиясын дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған бағдарламасымен байланысты.

Докторант А.Б. Габдуллиннің жұмысы жоғары деңгейде орындалған және оның «ЖОО-да 1-2 жылдары білім алушы студент қыздардың антропометрлік сипаттамалары мен қимыл қасиеттерін ескере отырып, олардың ағзасын жетілдіру технологиясы» оқу құралын оқу процесіне автор әзірлеген және енгізген күйде іс-жүзінде пайдалану мүмкіндігі; 4-курс студенттеріне арналған «ЖОО-да 1-2 жылдары білім алушы студент қыздардың антропометрлік сипаттамалары мен қимыл қасиеттерін ескере отырып, олардың ағзасын жетілдіру технологиясы» элективті курсы, сонымен қатар енгізу актісі куәландырып отырғандай «ЖОО-да 1-2 жылдары білім алушы студент қыздардың антропометрлік сипаттамалары мен қимыл қасиеттерін ескере отырып, олардың ағзасын жетілдіру технологиясы» тәжірибелік жобасы ретінде тәжірибелік маңыздылығы бар.

Диссертацияның ғылыми зерттеулерінен алынған нәтижелер кеңінен пайдалануды талап етеді және сала ауқымында одан әрі пайдалану үшін ұсынылады.

1. Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы 25 желтоқсандағы отырысында 2021 жылғы ҚазСТА жанындағы докторантура (PhD) түлегі - Мұхамбет жасын Серікбайұлының «Влияние спортивных нагрузок на мотивацию занятий спортом в студенческой среде высшего учебного заведения» тақырыбындағы диссертациясы қаралды.

Ғылыми кеңесшілері:

В.Н. Авсиевич - PhD докторы, Қазақ спорт және туризм академиясы жеңіл атлетика, қысқы және күрделі техникалық спорт түрлері кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Ф.Р. Зотова - п.ғ.д., Поволжье мемлекеттік дене шынықтыру, спорт және туризм университетінің Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры (Ресей).

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

Т.А. Ботағариев - п.ғ.д., профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан).

А.К. Құлназаров - п.ғ.д., профессор, Қ. Ахметов атындағы РСМИОРК (Алматы қ., Қазақстан).

Д.К. Жарменов - PhD докторы, Түркістан облыстық су спорты түрлері бойынша олимпиадалық резерв спорт мектебі (Түркістан қ., Қазақстан).

Докторант зерттеу нәтижесінде алғаш рет қазақстандық білім беру жүйесінің педагогикалық теориясы мен практикасында кешенді түрде (контент-талдау негізінде) жалпы қоғам дамуының қазіргі кезеңінде және жоғары білім беру жүйесінде студент жастардың спортпен шұғылдануына уәждемені қалыптастыру мен дамыту мәселелерін зерттеді.

Студенттердің дене шынықтыру және спорт іс-әрекеттерімен өз бетінше айналысуға деген ынтасын қалыптастыру мен дамыту әдістемесі әзірленді және оқу процесіне енгізілді, оның шеңберінде логикалық-сараптамалық тәсіл негізінде дене жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануға деген біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыру тәсілдері нақтыланды. Әзірленген әдістеме аясында оның негізгі тұжырымдамалық құрылымдары анықталды. Автор

жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі бойынша оқу-жаттығу процесіне әзірленген әдістемені енгізудің тиімділігіне эксперименталды түрде негіздеме берді.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасына (11.01.2016 ж., №168); ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне (7.07.2020 ж. №360-ҮІ); ҚР Мемлекеттік «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын бекіту туралы» бағдарламасына (23.04.2020 ж., №242); Қазақ спорт және туризм академиясының 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясымен; ҚазСТА 2019-2023 жылдарға арналған ҒЗЖ жоспарына сай орындалған.

Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар. Жұмыстың тәжірибелік құндылығы зерттеу барысында алынған нақты ұсыныстарды, атап айтқанда жоғары оқу орындары жағдайында студенттердің өзіндік дене шынықтыру-спорттық іс-әрекетке деген ынтасын қалыптастыру мен дамытудың әзірленген әдістемесін қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Бұл әдістеме Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазСТА, Қазақстан-Ресей университеті студенттерінің оқу процесіне енгізілді, бұған 3 енгізу актісі дәлел.

Диссертацияның ғылыми зерттеулерінен алынған нәтижелер кеңінен пайдалануды талап етеді және сала ауқымында одан әрі пайдалану үшін ұсынылады.

5. Рецензенттердің жұмысын талдау.

Рецензенттер ретінде дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі саласында елеулі үлес қосқан ғалымдарды бекітті. Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде Диссертациялық кеңес ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті қоятын талаптарды, соның ішінде рецензенттердің тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алды.

1. Ізденуші А.Б. Габдуллиннің диссертациясына рецензент ретінде сөз сөйлегендер:

- Е.А. Алимханов - 13.00.04 - Дене тәрбиесінің, спорттық жаттығудың, сауықтыру және бейімдік дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі мамандығы бойынша п.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

- М.А. Гренадерова - 13.00.04 - Дене тәрбиесінің, спорттық жаттығудың, сауықтыру және бейімделген дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі мамандығы бойынша п.ғ.к., доцент, Орталық Азия инновациялық университеті.

2. Ізденуші Ж.С. Мұхамбет диссертациясының рецензенттері ретінде сөз сөйлегендер:

- Г.Б. Мадиева - 13.00.04 - Дене тәрбиесінің, спорттық жаттығудың, сауықтыру және бейімдік дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі мамандығы бойынша п.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті.

- В.П. Русанов - 13.00.04 – Дене тәрбиесінің, спорттық жаттығудың, сауықтыру және бейімдік дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі мамандығы бойынша п.ғ.д., С. Аманжолов атындағы ШҚУ профессоры.

Диссертациялық кеңеске келіп түскен ресми рецензенттердің пікірлерінде диссертация тақырыптарының ғылымның даму бағыттарына сәйкестігі және олардың маңыздылығы мен өзектілігі; жұмыстың дербестік, ішкі бірлік, жаңалық қағидаттарына сәйкестігі; қорытындылар негізділігінің жақсы дәрежесі; қорғауға шығарылатын әрбір Ереженің дәлелділігі атап көрсетілген. Зерттеу әдіснамасын таңдауға негіздеме берілген және оған жақсы сипаттама берілген; ғылыми нәтижелер компьютерлік технологияларды қолдана отырып, заманауи зерттеу және деректерді өңдеу әдістерімен алынған. Жұмыстың тәжірибелік құндылығы және маңызды теориялық мәні бар. Тәжірибе ұсыныстары ішінара жаңа (25-75% жаңа). Диссертацияны жазу және рәсімдеу сапасы жоғары.

Рецензияларда «6D010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы тұжырымдама беріледі. Рецензенттердің барлық пікірлері сапалы деңгейде орындалған.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми-педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты - «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша докторантураға түсу үшін берілетін мемлекеттік гранттар санын ұлғайту.

7. Мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялар саны:

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар - 2;
- 2) қараудан алынған диссертациялар - жоқ;
- 3) рецензенттерден теріс пікірлер алынған диссертациялар - жоқ;
- 4) қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімі бар диссертациялар - жоқ;
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар - жоқ;
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар - жоқ.

Диссертациялық кеңес төрағасының ма.
PhD философия докторы, доцент



А.Т. Кулбаев

Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы,
п.ғ.д., профессор

А.С. Жуманова

2022 жылдың 14 қаңтары